



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТЫ**

ЖОҒАРЫ КӘСІПТІК БІЛІМ

МАМАНДЫҒЫ	051302 – «СТОМАТОЛОГИЯ»
СПЕЦИАЛЬНОСТЬ	051302 – «СТОМАТОЛОГИЯ»
SPECIALITY	051302 – «STOMATOLOGY»

ҚР МЖМБС 3.07.-476-2006

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Астана

Алғы сөз

- 1 С.Ж.Аспендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті **ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН.**
- 2 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 1 желтоқсандағы № 582 бұйрығымен **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН.**
- 3 Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 11.08.2003 жылғы № 545 бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 11.08.2003 жылғы № 603 бұйрығымен бекітілген 040400 – «Стоматология» мамандығы бойынша қазіргі Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орнына енгізілген.
- 4 Осы стандартта «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы № 389-І Заңының және «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын әзірлеу, бекіту және қолданылу мерзімінің тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 қыркүйектегі № 1290 қаулысының нормалары іске асырылған.

Осы стандартты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Мазмұны

1	Қолдану саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Анықтамалар мен қысқартулар	1
4	Мамандық бағытындағы білім беру бағдарламаларының тізбесі	2
5	Біліктілік пен лауазымдар тізбесі	2
6	051302 – «Стоматология» мамандығы бойынша бітірушінің біліктілік сипаты	3
7	Білім берудің негізгі жалпыұлттық мақсаты және мақсаттар иерархиясы (пәндер циклдары бойынша мақсаты)	10
8	Бітірушілердің біліктілік деңгейіне қойылатын талаптар	11
9	051302 - «Стоматология» мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұны	13
10	051302 - «Стоматология» мамандығы бойынша бітірушіні даярлау білім беру ортасына қойылатын талаптар	49
11	Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын жасауға, жаңартуға (өзгертуге, түзетуге) қойылатын талаптар	52
	А қосымшасы	54

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТЫ**

ЖОҒАРЫ КӘСІПТІК БІЛІМ

МАМАНДЫҒЫ 051302 - «СТОМАТОЛОГИЯ»

Енгізу мерзімі 2007.09.01.

1 Қолдану саласы

Осы стандарт ҚР МЖМБС 5.03.001-2004 «Жоғарғы кәсіптік білім беру. Бакалавриат. Негізгі ережелер» негізінде әзірленген және 051302 - «Стоматология» мамандығы бойынша кәсіптік білім берудің құрылымы мен мазмұнына және бітірушілердің даярлық деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейді.

Стандарттың ережелерін ведомстволық бағыныстылығына, ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан, 051302 - «Стоматология» мамандығы бойынша мамандарды даярлауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары қолдануға және сақтауға міндетті.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта ҚР 5.03.001-2004 МЖМБС «Жоғары кәсіптік білім (бакалавриат). Негізгі қағидалар» және осыған қосымша енгізілген № 1, № 2 өзгерістер мен толықтырулар, «Білім туралы» ҚР 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңы, «Денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңы, «Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» ҚР 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңы, «Қазақстан Республикасының медициналық және фармацевтикалық білім беру ісін реформалау тұжырымдамасы туралы» ҚР Үкіметінің 24.04.06 ж. № 317 қаулысына сілтемелер жасалды.

3 Анықтамалар мен қысқартулар

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және ҚР МЖМБС 03.001-2004 терминдері мен анықтамалар қолданылады.

Ресми басылым

Осы стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

- ЖББП - жалпы білім беру пәндері;
- БП - базалық пәндер;
- КП - кәсіптендіру пәндері;
- ОСЖ - оқытушылардың студенттермен жұмысы;
- СӨЖ - студенттердің өзіндік жұмысы;
- ОЖСӨЖ - оқытушы жетекшілігімен атқарылған студенттің өзіндік жұмысы;
- БМБ - базалық медициналық білім.

4 Мамандыққа қажетті білім беру бағдарламаларының тізімі

Мамандық аясындағы білім беру бағдарламаларының тізбесін жоғары оқу орындарының Кеңесі бекітеді.

5 Біліктіліктер мен лауазымдар тізбесі

Біліктіліктер мен лауазымдар Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 22.11.2002 № 273-П бұйрығымен бекітілген «Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына» сәйкес және басқа да нормативті құжаттармен айқындалады.

051302 - «Стоматология» мамандығы бойынша 5 жыл оқуын аяқтаған бітіруші клиникалық практикаға қатысы жоқ мамандық бойынша жұмыс істегісі келсе, оған стоматология бакалавры академиялық дәрежесіне ие болғаны жоғары медициналық білім туралы диплом, оқытылған пәндер тізімі, бағалары, меңгерілген академиялық сағаттардың көлемі көрсетілген академиялық анықтама (транскрипт) беріледі.

Стоматология бакалаврының магистратурада немесе интернатурада оқуын жалғастыруға мүмкіндігі бар.

051302 - «Стоматология» (5+1) мамандығы бойынша оқу бітірушіге жалпы деңгейдегі стоматолог-дәрігер біліктілігі берілгені көрсетілген интернатураны бітіргені туралы куәлік пен оқытылған пәндер тізімі, бағалары, меңгерілген академиялық сағаттар саны көрсетілген академиялық анықтама (транскрипт) беріледі.

051302 - «Стоматология» мамандығы бойынша (5+1), оқуын аяқтаған бітіруші жалпы практика стоматолог-дәрігері ретінде заңнамада белгіленген тәртіппен жеке қызмет атқаруға бекітілген жіберіледі.

051302 - «Стоматология» (5+1) мамандығы бойынша, оқуын аяқтаған бітіруші әрі қарай магистратурада немесе резидентурада оқуын жалғастыруға құқығы бар.

6 051302 - «Стоматология» мамандығы бойынша бітірушінің біліктілік сипаттамасы

6.1 Кәсіптік қызмет саласы.

051302 - «Стоматология» мамандығы бойынша бітірушінің кәсіптік қызметінің саласы: денсаулық сақтау, стоматология, білім беру, ғылым, әлеуметтік қорғау болып табылады.

6.2 Кәсіптік қызметтің нысандары.

051302 - «Стоматология» мамандығы бойынша бітірушінің кәсіптік нысандары ересектер мен балалар болып табылады. Кәсібі бойынша мынадай мекемелерде қызмет істей алады:

- денсаулық сақтауды басқару ұйымдары;
- денсаулық сақтау ұйымдары;
- білім беру ұйымдары;
- ғылыми ұйымдар;
- әлеуметтік қорғау ұйымдары.

6.3 Кәсіптік қызметтің бағыттары:

- жынысы мен жасына қарамастан, халыққа білікті стоматологиялық көмек көрсету;

- ауру және күттірмейтін жағдайларда бастапқы медициналық көмек көрсету;

- сырқатпен, оның туған- туысымен, әріптестермен, әлеуметтік қызмет өкілдерімен тиімді қарым-қатынасты қалыптастыру және дамыту;

- салауатты өмір салтын насихаттау;

- кәсіптік қызмет объектілерінде ұйымдастырушылық-экономикалық және басқару қызметін іске асыру және дамыту;

- дәлелді медицинаның ғылыми әдістемесінің қағидаларын дамыту және қолдану;

- ғылыми зерттеулерді жоспарлау және педагогикалық дағдыларды дамыту;

- ұдайы білімін шыңдау және өзінің кәсіптік қызметінде жаңа білім мен технологияларды қолдану.

6.4 Кәсіптік қызметтің түрлері

051302 - «Стоматология» мамандығын бітіруші стоматология саласында кәсіптік қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

- емдік-алдын алу және диагностикалық;
- ұйымдастыру-басқару;
- ғылыми-зерттеу;
- педагогикалық.

6.5 Кәсіптік қызметтің функциялары

051302 - «Стоматология» мамандығы бойынша бітірушінің атқаратын кәсіптік қызметтеріне мыналар жатады:

- білікті және мамандандырылған стоматологиялық көмек көрсету және ұйымдастыру;
- шұғыл ауырған және кезек күттірмейтін жағдайларда бастапқы медициналық көмек көрсету және ұйымдастыру;
- сырқатпен, оның туған-туысымен, әріптестермен, әлеуметтік қызмет өкілдерімен медициналық этика және деонтология қағидаларын сақтай отырып тиімді қарым-қатынас орнату;
- халық арасындағы стоматологиялық ауруларды бағалау және талдау жасау;
- кәсіптік қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған ұйымдастыру- басқару шараларын жүзеге асыру;
- стоматология саласында ғылыми зерттеулерді жоспарлау және жүргізу;
- шынайы ақпарат алуға, кәсіптік мәселелерді шешуге, халыққа стоматологиялық көмек көрсетуге, денсаулық сақтау жүйесінде бірегей ақпараттық желіде жұмыс істеуге және өз бетінше білім алу үшін ақпараттық және коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану;
- педагогикалық және тәрбиелік қызметті жүзеге асыру.

6.6 Кәсіптік қызметтің типтік міндеттері:

051302 - «Стоматология» мамандығы бойынша бітіруші мынандай кәсіптік қызметті орындай алуы керек:

- халыққа стоматологиялық көмек көрсету (білікті, мамандандырылған);
- өмірге қауіпті жағдайларды диагностикалау, бастапқы медициналық көмек көрсету;
- сырқатты ұдайы бақылауды жүзеге асыру;
- стоматологиялық аурулардың алдын алуға көзделген шараларды өткізу;
- салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған шараларды ұйымдастыру;
- кәсіптік қызметте медицина ғылымы мен техника жетістіктерін, жетілдірілген емдік-диагностикалық технологияларды өз жұмысында қолдану;
- сырқатпен, әріптестермен, басқа медициналық қызметкерлермен, және әлеуметтік қызмет өкілдерімен медициналық этика және деонтология қағидаларын сақтай отырып сенімді қарым-қатынас орната білу;
- кәсіптік қызметте ақпараттық және коммуникациялық технологияларды, мәліметтер базасын және басқа да ақпараттық қорды пайдалану;
- халыққа стоматологиялық көмек көрсетуді жүзеге асыру және ұйымдастыруда менеджмент қағидаларын қолдану;
- үздіксіз кәсіптік даму үшін кәсіптік қызмет бойы білім мен дағдыларды жетілдіру.

6.7 Кәсіптік қызметтің арналары:

- халыққа стоматологиялық көмек көрсету (білікті, мамандандырылған);
- ұйымдастырушылық-басқармалық;
- ғылыми-зерттеу;
- педагогикалық.

6.8 Кәсіптік қызметтің мазмұны

051302 - «Стоматология» мамандығы бойынша бітірушінің кәсіптік қызметінің мазмұнын халыққа білікті, мамандандырылған стоматологиялық көмек көрсету, стоматология саласында ұйымдастыру-басқару, ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметтер анықтайды.

6.9 051302 - «Стоматология» мамандығы бойынша бітірушінің білгірлігіне қойылатын басты талаптар

6.9.1 Стоматология бакалавры:

түсінігі болуы тиіс:

- тірі және өлі табиғатта болып жатқан негізгі процестер мен құбылыстар, табиғат танудың ғылымдарының соңғы жетістіктері;
- кәсіпорындарды басқару мен жалпы ұлттық экономика даму тенденциялары (қарқыны) туралы;
- Қазақстанның және басқа мемлекеттердің экономикалық өмірін, сыртқы экономикалық қызметін қалыптастыру бойынша мемлекеттік саясаттың әдістері мен құралдары туралы;
- экономикалық заңдар мен оның түрлері;
- ғылым, саясат, тарих және саяси өмірдің теориялық- әдістемелік негіздері;
- денсаулық, қорғаныстық-бейімделгіштік процестер, қалыпты және патологиялық түрдегі реттеушілік және өзіндік реттеушілікті қалыптастыру дәйектері туралы;
- денсаулық сақтаудың, медицина және стоматологияның әлеуметтік саясатқа қатысты негізгі проблемалары;
- денсаулық сақтау саласындағы халықаралық саясат туралы;
- кәсіптік қызметтерді орындау барысында пайда болатын міндеттерді шешуге қажет танымдық әдістер туралы.

білуі керек:

- әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылым саласындағы негізгі білімдер;
- Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңдары мен нормативтік құжаттары;
- Қазақстан Республикасындағы стоматологиялық көмекті ұйымдастыру мен экономиканың жалпы проблемалары, нарықтық қарым-қатынас жағдайында халыққа стоматологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру;

- стоматологиядағы заңгерлік құқықтың негіздері;
- адамның адамға, қоғамға, қоршаған ортаға, сондай-ақ, кәсіптік салада қарым-қатынасты қалыптастыратын этикалық және құқықтық нормалар;
- өмірдің пайда болуы мен дамуының жалпы заңдылықтары, жасушалардың, тіндердің, ағзалар мен организм жүйелерінің қалыпты және патологиялық жағдайдағы құрылымы және қызметі;
- медициналық мекемелерде емдік-сақтау, санитарлық-гигиеналық және санитарлық-эпидемиологиялық тәртіпке қойылатын талаптар;
- эпидемиология мен биостатистиканың негіздері;
- мекемедегі тиімді қарым-қатынас орнату әдістері, ұжымдағы тартыс пен дауларды реттеудің, стрестер және инновациялық басқарудың психологиялық проблемалары;
- Республикалық денсаулық сақтау ұйымдарындағы және электронды үкімет орындарындағы бірыңғай ақпараттық жүйе негізін;
- қалыпты және патологиялық жағдайда организмнің функционалдық жүйелерінің өзара байланыстығы мен оның қалыптасу деңгейлері;
- патологиялық процестердің дамуына негізгі әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, мәдени дәйектерінің әсері;
- молекулярлық биология және генетика негіздері, ауру патогенезіндегі молекулярлық және генетикалық дәйектердің рөлі;
- негізгі стоматологиялық аурулардың эпидемиологиясы;
- ересектер мен балалар басының, жақ-сүйек аймағының топографиялық анатомиясын олардың канмен камтамасыз етілу ерекшеліктерін, иннервация мен лимфа ағымын;
- ересектер мен балалар жақ-сүйек аймағындағы ағзалар мен тіндердің анатомиялық-гистологиялық құрылымын;
- ересектер мен балалар жақ-сүйек аймағындағы қалыпты және патологиялық физиологияның негізгі проблемалары;
- жақ сүйек аймағындағы негізгі стоматологиялық аурулар мен ақаулардың этиологиясы мен патогенезі;
- стоматолог-дәрігердің ересектер мен балаларды зерттеу әдістері, стоматологиялық ауруларды диагностикалауға арналған зерттеудің арнайы және қосымша әдістері;
- ересектер мен балалар жақ-сүйек аймағының зақымданулары мен едәуір кең тараған аурулардың клиникалық белгілері, оны алдын алу, диагностикалау және емдеу;
- ересектер мен балаларға кезек күттірмейтін, сонымен қатар, өмірге қауіпті жағдайларда көмек көрсету, диагностикалау қағидалары;
- халық арасында санитарлық ағарту жұмыстарының түрлері мен әдістерін пайдалану;

- дәлелді медицинаның негізгі қағидалары;
- стоматологияда қолданылатын стоматологиялық аппараттар, оның құрылысы, құралдар мен материалдар, олармен жұмыс істеу қағидалары, қауіпсіздік техникасының ережелері.

орындай білуі керек:

- сырқат және оның ауруы туралы мәлімет алу, зерттеудің объективті әдістерін қолдану, аурудың жалпы және өзіне тән белгілерін анықтау;
- қазіргі заманғы клиникалық, зертханалық, функционалдық және басқа қосымша әдістерді қолдана отырып, сырқаттың жақ-сүйек аймағына зерттеу жасап, алынған мәліметтерді талдай білу;
- клиникалық диагнозды негіздеу, стоматологиялық сырқатты зерттеу мен емдеудің жоспарын жасау;
- сырқаттың ауруының шамасын анықтап, қажетті медициналық жедел көмек көрсету;
- сырқатпен, оның туыстарымен, әріптестерімен және басқа да медициналық қызметкерлермен мейлінше сенімді қарым-қатынас орнату, коммуникативтік дағдыларды меңгеру;
- негізгі стоматологиялық аурулардың алдын алу шараларын ұйымдастыру және өткізу;
- қазіргі заманағы компьютерлік технологиялар арқылы медициналық-биологиялық мәліметтерді өндеудің негізгі әдістерін жүргізу;
- медициналық құжаттарды ресімдеу, толтыру.

дағдыларды меңгеруі керек:

- балалардың тіс ауруының алдын алу үшін дәрі-дәрмектермен олардың тістерін өңдеу, фиссураларды герметизациялау;
- тісжегі және оның асқынуларын, сүт тістері мен тұрақты тістердің қатты тіндерінің тісжегісіз зақымдануларын стоматологиялық әртүрлі сондай-ақ, қазіргі заманғы материалдарымен бітемелеу, емдеу;
- тіс тасын алу, пародонт ауруын, ауыз қуысының шырышты қабығын, еріннің қызыл жиегін дәрі-дәрмектік емдеу;
- жергілікті жансыздандыруды, новокаиндық блокаданы жүргізу;
- бүлінген тістерді жұлуды;
- тіске шендеуіш, лигатуралық (бунақжіптік) таңғыш салу;
- жақ-сүйек аймағындағы беткейлік іріңдікті жару;
- бет және ауыз қуысындағы жараларды хирургиялық өңдеу;
- төменгі жақ сүйектің шығуын орнына келтіру;
- тістерді таңдап егеп тегістеу;
- әртүрлі құрылымды тіс протездерінің, жақ-сүйек протездерінің, ортодонтиялық аппараттарды дайындау мақсатында қалып алу;

- әртүрлі құрылымды тіс протездері мен ортодонтиялық аппараттарды жасау үшін тісті дайындау;
- әртүрлі конструкциялы тіс протездері мен ортодонтиялық аппараттарды шақтап кигізу, бекіту және лайықтау;
- уақытша протездер мен әртүрлі материалдардан жасалған шендеуіш протездердің конструкцияларын дайындау, орнына қою, бекіту;
- сынған тіс протездерін алу;
- жедел жағдайларда (талу, коллапс, есеңгіреу, ауа мен жүрек қан тамырдың жетіспеушілігі) көмек көрсету;
- ішкі және сыртқы қан ағуды тоқтату;
- жақ-сүйек сынықтарына көлікпен имобилизация жасау;
- трахео-немесе коникотомия, трахеостомия жасау;
- асқазанды шаю.

мына мәселелерде білікті болу керек:

- шұғыл жағдайларда диагностика қою және бастапқы медициналық жедел көмек көрсету;
- клиникалық, зертханалық, функционалдық және стоматологияда қолданатын зерттеудің басқа қосымша әдістерінің негізінде стоматологиялық ауруларға ерте диагностика қою;
- негізгі стоматологиялық аурулардың алдын алу мен ауыз қуысының тазалығын сақтау дағдыларын қалыптастыру;
- ақпаратпен (оқу, анықтама, нормативтік, ғылыми) өзіндік жұмыс істеу;
- стоматология саласында ғылыми зерттеулерді жоспарлау және жүргізу;
- медициналық білім беру мекемелерінде оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру.

6.9.2 «Стоматология» - 051302 (5+1) мамандығы бойынша бітірушінің негізгі білгірлігін анықтайтын талаптар

6.9.3 тармағына қосымша жалпы деңгейдегі стоматолог-дәрігер төмендегілерді

білуі тиіс:

- жалпы деңгейдегі стоматолог-дәрігердің жұмысын ұйымдастыру;
- стоматологиядағы менеджмент және маркетинг мәселелері;
- стоматологиялық аурудың дәрігерлік - еңбек сараптамасын;
- стоматологиялық практикадағы дәйекті медицинаны қолдана білу;
- стоматологиялық аурулардың алдын алудың бірінші, екінші және үшінші кезектегі шараларын жүргізу;
- аурудың алдын алулары;

- клиникалық симптоматика, диагностика қою қағидалары, дифференциалдық диагностика қою, стоматологиялық ауруларды, сондай-ақ, жарақат пен жақ сүйек аймағындағы зақымдануларды емдеу;
- балалар мен ересектерге әртүрлі амбулаториялық стоматологиялық көмек көрсету, оның ішінде, госпитальге дейінгі кезеңде, стоматологиялық сырқаттарды ауруханаға жатқызу айғақтары;
- стоматологиялық сырқаттардарды амбулаториялық және госпитальдық оңалтулау қағидалары;
- қазіргі таңда стоматологиялық сырқаттарды (жасөспірімдер мен ересек адамдарды) диспансерлік есепке алуды ұйымдастыру;
- шұғыл жағдайларды диагностикалау, жаппай зақымдалған ошақты жерде, індет тараған қауырт жағдайларда халыққа медициналық көмек көрсетудің қағидалары.

орындай білуі тиіс:

- стоматологиялық бөлменің, бөлімшенің, клиниканың жұмысын ұйымдастыруды;
- есеп беру құжаттарын толтыруды;
- дәлелді медицина негізінде жасалған кезеңдік хаттаманы қолдануды;
- зертханалық, функционалдық, қосымша, визуалдық және басқа да зерттемелік әдістерге бірдей қарап, оларға түсініктеме беруді;
- жақ-бет аймағының стоматологиялық аурулары мен зақымдану кезінде білікті, арнайы мамандандырылған стоматологиялық көмек көрсетуді;
- жаппай зақымдалған жерде, індет тараған қауырт және шұғыл жағдайда бастапқы медициналық көмек көрсетуді;
- стоматологиялық патологиясы бар сырқаттарға уақытша еңбекке жарамдылығы туралы сараптаманы жүргізуді, медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберуді, еңбекке жарамдылық айғақтарын анықтауды, жеңіл жұмысқа ауыстыруды, санитарлық-курорттық емделуге жолдама жазуды істей білуі тиіс.

мына дағдыларды меңгеруі тиіс:

- цитологиялық және бактериологиялық материалдар мен жағындыны алу;
- бүлінген, жарып шықпай қалған тістерді жұлу, тіс түбіріне ампутация, гемисекция жасау;
- цистэктомия, цистотомия, тіс түбір ұшын резекциялауды, реплантация жасау;
- жоғарғы жақ сүйек қуысын абайламай тесіп алған жағдайда тістің ұяшығын тігу;
- жақ-бет аймағындағы жараға тампон салып, оны таңу;

- жақ-бет аймағындағы операциялық жарадан жіпті алу;
- сілекей безінің түтігін жуу, рентген контрастирлеу;
- сілекей безінің түтігінен тасты алу;
- ісікті түзіліске күдік туғанда биопсия жасау;
- бет пен ауыздың жұмсақ тіңдердегі қатерсіз жаңа өспелерді алып тастау;
- парадонт ауруларын хирургиялық әдіспен емдеу;
- ауызға, тіл мен еріннің үзбелеріне пластика жасау;
- орталық окклюзияны анықтау.

мына мәселелерді жетік білуі тиіс:

- стоматологиялық емханада, бөлмеде медицина қызметкерлерін жұмыспен қамтамасыз ету, стоматологиялық ұйымдар мен мекемелерде есеп беретін құжаттарды толтыру, халықтың стоматологиялық ауруларына статистикалық талдау жасау;
- стоматологиялық практика саласында нормативтік-құқықтық және заң қызметі;
- неғұрлым кең тараған стоматологиялық аурулар мен жақ-сүйек аймағындағы патологиялар кезінде көмек көрсету;
- кезек күттірмейтін жағдайларда, індеттің шұғыл жағдайларында, жаппай зақымдану ошақтарында бастапқы медициналық көмек көрсету;
- сырқатпен, оның туған-туыстарымен, әріптестермен, басқа да қызметкерлермен сенімді қарым-қатынас орнату үшін қажетті коммуникациялар;
- өз бетінше қозғалуға қабілеті жоқ, мүгедектер, ескі аурулары бар қарттар мен жалғыз басты адамдарға стоматологиялық көмек ұйымдастыру;
- стоматологиялық патологиясы бар сырқаттардың уақытша жұмыс істеуге жарамсыздығын сараптау;
- стоматологиялық ұйымдар мен мекемелердің өзекті проблемалық қызметі бойынша медициналық аудит өткізу;
- стоматологиялық ауруларды емдеу және халықаралақ диагностика хаттамаларын және басқа да шараларды өз практикасына енгізу.

7 Білім берудің негізгі жалпыұлттық мақсаттары және мақсаттар иерархиясы (топтама пәндердің мақсаттары)

Стоматологиялық білім берудің жалпыұлттық мақсаты халық денсаулығын нығайтуға, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар жетістіктерін ғылым мен практикада, стоматологиядағы озық инновациялық технологияларды қолдануға және дамытуға қабілетті, стоматологиялық көмек көрсетуге қоятын қоғам сұранысын

қанағаттандыра алатын жоғары білікті мамандар дайындау болып табылады. 051302 – «Стоматология» мамандығы бойынша оқу бітірген түлек әлемдік қоғамдастық және мемлекет деңгейіндегі денсаулық сақтау жүйесіндегі өзгерістерге бейімделуге, өмір бойы оқуды жалғастыруға, қоғамның дамуына үлесін қосуға дайын болуы керек.

Жалпы білім беретін пәндер циклдары мыналарға бағытталады:

- медициналық проблемалардың әлеуметтік–экономикалық, демографиялық, мәдени ерекшеліктерін түсінуге қажетті білім алуға;
- стоматолог–дәрігердің қоғамдағы рөлі мен жауапкершілігін түсіну және медициналық этика талаптарына негізделген нәтижелі қарым–қатынастың дағдыларын қалыптастыру.

Базалық пәндер циклдары:

- негізгі биомедициналық ғылымдар саласындағы ғылыми көзқарастар мен әдістерді анықтауға және түсіндіруге, клиникалық ғылыми білімдер қалыптастыруға және оларды практикалық қызметте қолдану.

Кәсіптендіру пәндері топтамалары мыналарға бағытталады:

- стоматология саласындағы дағдылар және білімдер алуға;
- клиникалық ойлауды дамытуға;
- дәйекті медицина қағидасында және денсаулық сақтау жүйесіндегі басқа да мамандарымен өзара тиімді бірлікте әрекеттесуіне негізделген сырқаттың стоматологиялық проблемаларын шешу мен шешім қабылдау дағдыларын қалыптасуына.

8 Бітірушілердің білімділік деңгейіне қойылатын талаптар

8.1 Жалпы білімділікке қойылатын талаптар

Бітіруші мыналарды білуге міндетті:

- қазіргі заманғы рухани, мәдени, зиялылық және экологиялық құндылықтар туралы білу;
- қайшылықты идеяларды сындарлы түсінуге қабілетті болу және кәсіптік саладағы мәселелерді тиімді шешу;
- ой өрісінің жан-жақты болуы және қазіргі заманғы қоғамда өз орнын және өзінің жауапкершілігін білу;
- салауатты өмір салты туралы ғылыми түсінігі болу;
- тәнді жетілдірудің дағды-машықтарын білу;
- қарым- қатынас жасау мәдениетін игеру;
- ғұмыр бойы үздіксіз оқып-үйренуге қабілетті болу.

8.2 Әлеуметтік- этикалық білгірлігіне қойылатын талаптар.

Бітіруші міндетті:

- Қазақстан Республикасының заң негіздерін, әлеуметтік ғылым мен денсаулық сақтау ұйымының заң негіздерін, адамдар арасындағы қарым-қатынасын реттейтін этикалық және құқықтық ережелерді білуі;

- альтруизм, аяушылық, жауапкершілік, адалдық, құпиясыр сияқты кәсіптік құндылықтарды сақтау;

- дәрігер мен емделушінің, оның отбасы мүшелерімен өзара түсінушілік пен сыйластық қарым-қатынастың маңыздылығын түсіну;

- өзге мәдениетті, дінді сыйлау;

- әріптестердің көзқарастарын ескеріп олармен оң қарым-қатынасты қалыптастыру.

8.3 Экономикалық және ұйымдастыру-басқару білгірлікке қойылатын талаптар.

Бітіруші міндетті:

- алынған білімді еркін кәсіпкерлік қызмет істеуге, экономиканы бойынша талдауда және басқаруда қолдануға.

8.4 Кәсіптік біліктілік талаптары.

Жалпы практика стоматолог-дәрігер міндетті:

- физикалық, психологиялық, әлеуметтік және мәдени факторларды есепке ала отырып, халыққа тиімді және білікті стоматологиялық көмек көрсете алу;

- дәлелді медицина қағидаларының негізінде сырқаттың мәселелерін шешу және шешімдер қабылдау;

- сырқаттармен, халықпен, әріптестермен, әлеуметтік қамсыздандыру мекемелерінің қызметкерлерімен қарым-қатынас жасау кезінде медициналық этика қағидаларын сақтап, керекті қарым-қатынас орнату;

- өзінің кәсіби қызметінде заманауи емдеу-диагностикалық технологияларын енгізу және ғылыми медицина негіздерін қолдана алу;

- стоматологиялық мекемеде және халыққа стоматологиялық көмек көрсетуде менеджмент қағидаларын қолдану;

- кәсіби қызметі барысында өзінің білімін және дағдысын жетілдіре білу, басқаларды үйрете алу.

8.5 Маман әлеуметтік, экономикалық, кәсіби құрылымдардың ауысуына, географиялық және әлеуметтік жедел өзгерістерге, қоғам дамуындағы әр түрлі жағдайларға дайын болуы керек.

Бітіруші міндетті:

- жаңа идеяларды қабылдау;

- стоматологиялық қызмет және денсаулық сақтау жүйесінде қоғамның әлеуметтік экономикалық даму өзгерістеріне бейімделу;

- өзінің кәсіби қызметін жоспарлау және талдау;
- өзгеріс және белгісіздік жағдайында өз бетінше әрекеттену және шешім қабылдау.

8.6 Оқу пәнінің негізгі циклдары бойынша білімділік талаптары.

Жалпы білім беретін пәндер циклы бойынша білімділік талаптары.

Жалпы адамгершілік және кәсіби құндылықтарда негізделген әлем мен адамның тұтастығы және стоматолог-дәрігердің гуманитарлық-психологиялық көзқарасын және жаратылыс тану ғылымдарын қалыптастыруға қажетті философия және әлеуметтік ғылым негізін игеруі керек.

Базалық пәндер циклы бойынша білімділік талаптары.

Бітіруші:

- биомедициналық ғылымды, ғылыми білімді, тұжырымдамалар мен әдістемелер қағидаларын түсіну және білімдерді игеруі;
- клиникалық ғылыми білімін практикада қолдана білуі;
- аналитикалық және сындарлы ойлау дағдыларын меңгеруі керек.

Кәсіптендіру пәндер циклы бойынша білімділік талаптары.

Бітіруші халыққа стоматологиялық көмек көрсету кезінде басқа мамандармен өзара тиімді іс-қимыл, үнемі практикада жаңа технологияларды қолдану, білуге қабілетті, өзінің кәсіби қызметінде негізгі міндеттерін шешуге қажетті клиникалық білімдер мен дағдыларды меңгеруі тиіс.

9. 051302 «Стоматология» мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұны.

9.1. 1-2 кестеде пән циклдері бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұны топтастырылып берілген.

1 кесте (5) жалпы білім беру бағдарламасының мазмұны

Пән кодтары	Пән атауы және олардың негізгі мазмұндары	Саға-ты
1	2	3
ЖБП	Жалпы білім беру пәндері	1548
ЖБПМ	Міндетті компонент	1548
ЖБПМ 01	Қазақстан тарихы «Қазақстан тарихына» кіріспе. Ежелгі дәуірдегі Қазақстан. Қазақстанның ежелгі тарихы. Палеолит (ежелгі тас дәуірі), Мезолит (орта тас дәуірі), Неолит (жаңа тас дәуірі). Қола дәуірі.	135

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	Бастапқы пайда болған мемлекеттер. Сақтар. Үйсіндер және қаңлылар. Ғұндар. Орта ғасырдағы Қазақстан. Бастапқы орта ғасырдағы мемлекеттер (VI-X ғ.ғ.). Түрік қағанаты. Түргештер. Қарлұқтар. Оғыздар. Қимақтар. VI-X ғ.ғ. Қазақстанның экономикалық және мәдени өмірі. Дамыған орта ғасырлық мемлекеттер (XI ғ. басы - XIII ғ.). Қарахандар. Қарақытайлар. Наймандар мен керейлер. Қыпшақтар. XI ғ. басы- XIII ғ.-да Қазақстанның экономикасы мен мәдениетінің дамуы. Монғол жаулауы кезеңіндегі Қазақстан. Алтын Орда. XIV-XV ғ.ғ. ортағасырлық мемлекеттер. Көкорта мен Ақорта мемлекеттері. Моғолстан. Көшпенді өзбектердің мемлекеті. Ноғай ордасы. Сібір хандығы. Қазақ халқының пайда болуы. «Қазақ» (қазақ) этнонимі. Қазақ жүздері. XV - XVIII ғ. басындағы қазақ хандығы. XIV-XVIII ғ. басындағы қазақ мәдениеті. Жаңа уақыттағы Қазақстан (XVIII - XX ғ. басы). XVIII ғ. бірінші ширегіндегі Қазақстан. XIX-XX ғ. басында Қазақстанның әлеуметтік- экономикалық және саяси дамуы. Қазақстан мәдениеті (XVIII – XX ғ. басы). Жаңа уақыттағы Қазақстан. 1917 ж. Қазан төңкерісі. Азаматтық соғыс-халық қасіреті. (1918-1920 ж.ж.) Қазақ Кеңес мемлекеттігінің пайда болуы. Қазақстандағы «әскери коммунизм» саясаты (1918-1921 ж.ж. Наурыз). Елдегі кеңестік мемлекеттік құрылыс. ЖЭС-тың әлеуметтік-экономикалық қорытындылары. Ауыл шаруашылығының ұжымдандырылуы – Қазақстан шаруашылығының қасіреті. Индустриализациялау-сипаты, қарқыны, көлемі. Соғыс алдында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Қоғамдық - саяси жағдайы. Қазақстан Ұлы Отан соғысы кезеңінде 1941-1945 ж.ж. Қазақстан соғыс жылдарынан кейін (1946-1953 ж.ж.). Қазақстан «Хрущев декадасы» жылдарында (1953-1964 ж.ж.). Қазақстан 1960 ж. екінші	

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	жартысында – 1980 ж. бірінші жартысында. Қазақстандағы «қайта құрылу» саясаты (1985-1991 ж.ж). Тәуелсіз Қазақстан. Қазақстан тәуелсіздік алу жолында. Тәуелсіз Мемлекеттер Достығының (ТМД) құрылуы. Экономикалық даму. Қоғамдық-саяси даму. Рухани даму. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты.	
ЖБПМ 02	Философия Философия мәдениет феномені ретінде. Философия, оның пәні, қызметі. Философия мәдени-тарихи мәтінде. Мәдениет контекстінде философияның тарихи типтері. Ежелгі үнді философиясы шығыс мәдениетінің феномені ретінде. Ежелгі қытай философиясы қытай мәдениетінің даму кезеңінде. Көне мәдениет кезеңіндегі философия. Орта ғасыр мәдениеті кезеңіндегі философия феномені. Араб-мұсылмандық философия ислам мәдениеті контекстінде. Батыс европалық орта ғасырлық мәдениеттегі философия мен дін феномені. Ренессанс және Реформация мәдениетіндегі философия. Жаңа заман мәдениетіндегі бастыс европалық философия. XIX ғ. екінші жартысындағы мәдениетте батыс европалық философия. XIX-XX ғ.ғ. Орыс философиясы ресей мәдениетінің феномені ретінде. XX ғ. мәдениетіндегі Кеңес Философиясы қазақ мәдениетіндегі философия феномені ретінде. XXI ғ. қарсаңындағы Батыс философиясы контекстіндегі мәдениеті. Тұрмыстық философия. Философиялық антропология. Әлеуметтік философия. Мәдениет философиясы. Махаббат философиясы. Дін философиясы. Тарих философиясы. Саясат философиясы. Білім философиясы. Диалектика теориясының мәселелері. Эпистемология. Ауқымды мәселелер философиясы.	135
ЖБПМ 03	Шет тілі Оқытылатын шетел тілінің фонетикалық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық	270

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	нормалары. Фонетика: шетел тілінің айтылу, ырғақтық-интонациялық ерекшеліктері, дыбыстық жүйенің рецепциясы мен репродукциясы. Орфография: тілдің дыбыстық-әріптік жүйесі, негізгі орфографиялық ережелер. Лексика: сөзжасам модельдері; көлемі негізгі тілдің 2500 бірлігін құрайтын лексикалық минимум, сонымен қатар мамандықтың бейініне сай терминдер; қолданыс кеңістігіне сай лексиканың дифференциясы. Грамматика: негізгі сөз таптар-зат есім, сын есім, үстеу, етістік, артикаль, есімдік; жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдердің құрылымы, сөзжасамның негізгі модельдері: таныстыру, анықтамалық, шолып оқу дағдысының қалыптасуы. Сөйлеу: оқылған тақырыптар көлемінде монолог пен диалогты дамыту шеберлігі. Жазу тізбекті ой жүйесін жеткізу, тұжырымдамалар мен шығармалар, жеке және іскерлік мәндегі хаттар жазу дағдысын жетілдіру. Мамандыққа байланысты шетел тіліндегі мәтіндерді ана тілінде тілдік нормаларға сай аудару. Тыңдау: күнделікті кездесетін ақпараттық, кәсіптік мәндегі хабарларды тыңдау арқылы қабылдау.	
ЖБПМ 04	Қазақ (орыс) тілі Жалпы қолданыстағы сөздер мен сөз тіркестерінің лексикалық минимумын кеңейту. Тілдегі қолданыс деңгейіне қарай грамматикалық формалар мен құрылымдарды меңгерту. Сөйлеудің түрін: әңгімелесу, суреттеу, хабарлауды құрастыру. Грамматикалық формалар мен құрылымдарды сөйлеу процесінде дұрыс қолдану. Белгілі мәтіндерді қайта өңдеу. Тілдік қызметтің әр түрінде (сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу) қиын емес прагматикалық мәтіндерді, әлеуметтік-тұрмыстық және кәсіби саладағы өзекті тақырыптардағы сұхбаттар мен монологтарды ауызша және жазбаша түрде өңдеу. Кәсіби білімін дамыту: а) әртүрлі ғылыми мәтіндерді	270

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	оқулықтардағы мәтіндер мен дәрістерге мамандығына байланысты сұхбаттар мен монологтар құру. Пікірін білдіруге: монолог — суреттеу, сұхбат, пікірталас ұйымдастыруға дағдыландыру. Ғылыми-кәсіби сөйлеуді дамыту: а) ғылыми-кәсіби сөйлеуде белсенді, жалпылама, көлемді біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру.	
ЖБПМ 05	Информатика Информатика пәні, нысандары және құрамдас бөліктері. Информатиканы түсіну үлгілері. Есептеу жүйелері, сандарды ауыстыру тәсілдері, жүзуші үтірмен сандарды көрсету форматы; екі еселенген арифметика. Дискретизация түсінігі, белгіленген және жүзуші үтірлері бар сандармен арифметикалық операцияларды орындау. Тілдер нысандар мен үрдістерді сипаттау тәсілі ретінде. Қазіргі заманғы есептеу техникасының архитектурасы. Ақпараттарды компьютерде көрсету. Алгебра булевасы және компьютердің логикалық сызбасы. Логикалық сызбалар және логикалық машиналар. Компьютердің негізгі блоктарын ұйымдастыру элементтері. Процессорды архитектуралық ұйымдастыру. Компьютер жадысын ұйымдастыру. Бағдарламалық басқару қағидасы; компьютерді функционалдық және құрылымдық ұйымдастыру, мәліметтерді өңдеудің тораптық технологиясы. Бағдарламалауға енгізу. Міндеттерді алгоритмдеу негіздері. Алгоритмдер (типтер, қасиеттер, көрсету тәсілі). Алгоритмдік құрылым. Бағдарламалауға оқыту тілдері. Жалпыға арналған бағдарламалау тілдері. Қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету, ақпараттарды өңдеу. Мәліметтер базасын басқару жүйесі. Компьютерлік тораптар, тораптық және телекоммуникациялық технологиялар. Тораптар туралы жалпы мәліметтер, алғышарттар мен компьютерлердің тораптық өзара әрекеттесу қажеттілігі. Ақпараттарды қорғау негіздері. Ақпараттық қауіпсіздік және оны құрайтындар.	135

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	Ақпараттық үрдістерге санкцияланбаған араласудан қорғау. Ұйымдастыру шаралары, инженерлік-техникалық және ақпараттарды қорғаудың басқа әдіс-тәсілдері. Шектелген компьютерлік тораптарда ақпараттарды қорғау, вирускқа қарсы қорғаныс. Электронды басқару-денсаулық сақтау жүйесінің жинақталып біріккен ақпараты деген түсінік.	
ЖБПМ 06	Экология Экология ұғымы, экологияның ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы. Экологияны оқытудың мақсаты, міндеттері мен әдіс-тәсілдері. Қазіргі заманғы экономикалық және саяси мәселелерді шешудегі экологияның орны мен ролі. Аутэкология: экологиялық факторлар, оптимум және минимум аймақтары. Демэкология: көбею, флуктуация си-паттамасы және көбею санын реттеу. Синэкология: қауымдастыққа әсер ету типтері, қауымдастық пен экологиялық пирамиданың трофикалық құрылымы. Экожүйенің қызметі: энергетикалық алмасу және заттардың айналымы, экожүйенің тұтастығы мен тұрақтылығы, экологиялық сукцессиялар. Биоценоз, биогеоценоз, экожүйе туралы түсінік. Жер үстіндегі және су экожүйелерінің типтері. Биосфера мен ноосфера туралы ілім. Биосфераның тірі заты мен оның қызметі. Табиғат ресурстары мен табиғатты тиімді пайдалану. Табиғатты қорғау және қазіргі заманғы экологиялық мәселелер. Экодаму проблемалары.	45
ЖБПМ 07	Саясаттану Саясаттану ғылым ретінде, оның қазіргі ғылыми білім жүйесіндегі орны. Саясаттың мәні, құрылымы, функциялары және субъектілері. Саяси билік. Қоғамның саяси жүйесі. Қазақстан Республикасының саяси жүйесін жаңарту. Мемлекет саяси жүйенің негізгі институты ретінде. Қазақстанда азаматтық қоғам мен	90

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	құқықтық мемлекет құру проблемалары. Саяси режимдер. Саяси партиялар мен партия жүйелері. Саяси элита және саяси көшбасшылық. Қоғамның саяси сана-сезімі және саяси мәдениеті. Тұлғаны саяси әлеуметтендіру. Әлемдік саясат және халықаралық қатынастар. Қазақстан Республикасындағы саяси үрдістің проблемалары мен қайшылықтары. Қазақстан әлемдік қауымдастықта.	
ЖБПМ 08	Әлеуметтану Әлеуметтік білім жүйесіндегі әлеуметтанудың мәртебесі. Әлеуметтік білім құрылымы. Макро және микро әлеуметтану. Теориялық және қолданбалы әлеуметтану. Әлеуметтанудың санаттары және заңдары. Әлеуметтанудың әдістемесі. Әлеуметтанудың басқа да әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдармен өзара байланысы. Әлеуметтанудың тарихындағы негізгі бағыттар. Әлеуметтанудың қалыптасуындағы негізгі кезеңдері. Әлеуметтанудың негізін қалаушылары - О.Конт және Э.Дюркгейм. XX ғ. әлеуметтану. Ресейдегі әлеуметтік ойдың дамуы. Қазақстандағы әлеуметтік ойдың дамуы. Әлеуметтік өмір элементтері. Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде. Әлеуметтік институттар және әлеуметтік процестер. Әлеуметтік құрылым және әлеуметтік стратификация. Тұлғаның әлеуметтік сипаттамасы. Тұлғаның құрылымы. Әлеуметтану процесінің мазмұны, оның басты механизмдері. Девиация және әлеуметтік бақылау. Арнайы әлеуметтік теориялар. Білім әлеуметтану. Саяси әлеуметтану. Экономикалық әлеуметтану. Отбасылық әлеуметтану. Мәдени әлеуметтану. Бұқаралық коммуникация әлеуметтануы. Қолданбалы әлеуметтану. Нақты әлеуметтік зерттеулер өткізу әдістемесі және техникасы. Әлеуметтік зерттеулер бағдарламасының құрылымы. Ақпараттар жинаудың негізгі әдістемесі, олардың жіктелуі. Ақпаратты өңдеу әдістемесі және оның нәтижелерін талдау.	90

1 кестенің жалғасы

1	2	3
ЖБІМ 09	Құқық негіздері «Құқық негіздері» пәнінің нысаны, жүйесі. Мемлекет және құқық теориясы. Мемлекет туралы негізгі түсініктер. Құқық және құқықтық құбылыстар туралы негізгі түсініктер. Құқық қатынастары. Құқық бұзушылық және заңды жауапкершілік. Конституциялық құқық - Қазақстан Республикасындағы құқықтың жетекші саласы. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы және мемлекеттік басқаруы. Әкімшілік жауапкершілік. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы туралы жалпы ережелері. Жеке меншік құқығы. Міндеттемелер туралы ережелер. Мұрагерлік құқығы. Қазақстан Республикасының жеке азаматтық құқық институттарының жалпы сипаттамасы. ҚР отбасы құқығының негіздері. Құқық қорғау органдары қызметтерін ұйымдастыру негіздері. ҚР қаржы құқығының негіздері. Банк қызметі. ҚР банк жүйесі. Салық құқығының негіздері. ҚР салық жүйесі. Әлеуметтік қамтамасыз ету және еңбек құқығының негіздері. ҚР қылмыстық құқығының негіздері. Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлықпен күрес құқығының негіздері. Сақтандыру құқығы. Сақтандыру қызметінің құқықтық реттелуі. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығының негіздері. Қазақстан Республикасының жер құқығының негіздері. ҚР процессуалдық құқығы. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процессуалдық және азаматтық-процессуалдық құқығының негіздері.	90
ЖБІМ 10	Экономикалық теория негіздері Өмір игілігі және қызметтерді пайдалану айырбастау, бөлу, өндіріс барысындағы адамдар арасындағы экономикалық қатынастар. Экономикалық шешімдер қабылдау кезіндегі адамдардың экономикалық тәртібі. Экономикалық талдаудың қажеттілігі. Экономикалық	90

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	процестерді ғылыми талдау әдістемелері. Қоғамдық өндірістің жалпы негіздері. Қорлар және олардың шектеулігі. Меншік: маңызы және түрлері. Өндірістің қоғамдық түрлері. Экономикалық жүйелердің негізгі типтері мен моделдері. Нарық экономикасының элементтері. Нарықтық экономика жағдайындағы жекеше өндіріс заңдылығы және маңыздылығы. Экономикадағы кіріс, шығыс және өнімнің айналымы. Ұлттық экономиканың жаңа өндірісі. Ұлттық есеп шоттардың жүйесі. Қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуы. Ақшанесие және қаржы жүйесі. Ұлттық экономиканың мемлекеттік тұрғыдан реттелуі.	
ЖБПМ 11	Химия Термодинамика. Термохимия. Химиялық генетика және катализ. Ерітінділердің коллигативтік қасиеттері. Қышқыл мен негіздердің протолиттік теориясы. Буферлік жүйелер. Химиялық байланыс табиғаты. Кешенді қосылымдар, биогендік элементтер. Тірі организмдердегі тотығу-тотықсыздану реакциялары. Үстірт құбылыстар. Коллоидтық жүйелер. Биополимерлер ерітінділері. Көмірсулар. Ароматтық қосылымдар. Хюккель ережесі. Спирттер. Аминдер. Деазол және азоқосылымдар. Альдегидтер мен кетондар. Карбон қышқылы. Гетерофункционалдық органикалық қосылымдар. Алефаттың орнын басатын гологендік қышқылдар. Гидроқышқылдар. Оксоқышқылдар. Альфа аминқышқылдары. Нәруыздар. Көмірсулар. Нуклеин қышқылдары. Нуклеозидтер. Нуклеотидтер. РНК және ДНК. Липидтер. Терпендер. Стероидтер.	90
ЖБПМ 12	Медициналық биофизика Жасушалық мембрана биофизикасы. Электрокоздырғыш тіндер биофизикасы. Кванттық биофизика. Тіндер және мүшелер биофизикасы. Қанның реологиялық қасиеттері. Әртүрлі мүшелер мен тіндердің реографиясы. Қан	108

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	айналымын зерттеу әдістемелері. Бұлшық еттің жиырылу биофизикасы. Медициналық құралдар мен аппараттардың жіктелуі. Өлшегіш құралдарда пайда болатын энергия түрлері. Организм тіршілігінің электрлік, механикалық құбылыстарын зерттеуге арналған техникалық құралдар. Медициналық интроскопияның негізгі техникалық құралдары. Терапиялық электрондық-медициналық аппаратура.	
БП	Базалық пәндер	3312
БПМ	Міндетті компонент	3132
БПМ 01	Молекулярлық биология және медициналық генетика Молекулярлық биология және медициналық генетикаға кіріспе. Биологиялық макромолекулалар. Нәруыздар және нуклеин қышқылдары-тірі организмдердің бірегей ақпараттық құрылымы-. Биологиялық ақпарат берудің зақымдалған ДНҚ-ны түзету мен репарациялауды жүзеге асырудың молекулярлық механизмі. Қайта өрбіту. Жасушалық циклдағы хроматиннің құрылымы. Кодталу қағидалары және биологиялық ақпараттар берілісінің негізгі жолдары. Прکاریот және эуکاریот гендерін жеделдетудің молекулярлық механизмдері. Биологиялық мембраналардың қызметі және молекулярлық құрылымы. Жасушаның бөлінуін бақылау. Р53 нәруызының биологиялық функциясы. Апоптоз. Тұқымдық материалдарды ұйымдастырудың құрылымдық-функционалдық деңгейлері. Моногендік, полигендік және тұтасып тұқым қуалау. Рекомбинантты ДНК технологиясы. Медицина генетикасы және адам генетикасының негіздері. Гендік, хромосомдық және мультифакторлық аурулар. Тұқым қуалау патологиясының алдын алу және зерттеудің молекулярлық-генетикалық заманауи әдістері. Адамның өсіп-өну генетикасы.	108
БПМ 02	Биологиялық химия Пән және оның мақсаты. Нәруыздардың құрылысы, функциясы. Қарапайым және күрделі	108

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	нәруыздар. Ферменттер, жіктелуі, номенлатура-сы. Изоферменттер. Ферменттердің активаторы, ингибиторы және кофакторы. Патологиядағы ферменттер белсенділігінің өзгеруі. Диагностика мақсаттары үшін қан ферменттерін анықтау. Нуклеин қышқылдары - құрылымы, биосинтез. Нәруыздар биосинтезінің регуляциясы. Молекулярлық генетиканың негіздері. Зат алмасуға кіріспе. Тамақтану биохимиясы. Витаминдер, минералдық заттар. Энергетикалық алмасу. Аурулардың дамуындағы көмірсудың маңызы. Липидтердің алмасуы және функциясы. Нәруыз бен амин қышқылдарының алмасуы. Су-тұз алмасуы, гомеостаз регуляциясы. Гармондар биохимиясы. Мүшелер мен тіндердің биохимиясы.	
